

**Танымдық психикалық
процесстер: Елес, Қиял**

Жоспар:

- 1. Елес туралы түсінік және оның түрлері**
- 2. Елестің зейінге, еске, тұлғаның ерекшелігіне тәуелділігі.**
- 3. Қиял туралы түсінік. Қиялдың түрлері.**

**Дәл қазір қабылданбайтын
заттармен құбылыстардың миға
түскен бейнесін елес деп
атаймыз.**

Елес арқылы адам заттар мен құбылыстарды аз да болса жалпылай бейнелей алуға мүмкіндік алады. Елес заттардың бейнелерін сақтауға, ол заттардың типтік басты белгілерін көрсететін ой-пікірлеріне көшуге, оның мәнін танып, білуге көмектеседі. Демек белгілі бір зат жөнінде елесіміз болса ғана, оның ерекшелігін, не үшін қажет екендігін тереңірек ұғынамыз да, еске жақсы сақтай аламыз.

Жалпылау дәрежесіне байланысты

```
graph TD; A[Жалпылау дәрежесіне байланысты] --> B[Жалпы елес]; A --> C[Жалқы елес];
```

Жалпы
елес

Жалқы
елес

Қызметіне байланысты

```
graph TD; A[Қызметіне байланысты] --> B[Ес елесі]; A --> C[Қиял елесі];
```

Ес елесі

Қиял елесі

Елестер еске байланысты болады, себебі адам бұрын қабылдаған, сезген заттарын, құбылыстарын, олардың бейнелерін қайтадан елестетсе, мұндай елестеулер ес елестері деп аталады.

Елес зейінге тәуелді, яғни бұл елестің зейінмен де тығыз байланыста болатынын көрсетеді.

Елес тұлғаның ерекшелігіне тәуелді болып келеді.

Елестер қабылдану түрлеріне орай бөлінеді

Көру

Сыртқы ортадан көптеген материалдарды жинауға жәрдемдеседі. Бұлар арқылы қабылданатын заттардың түсін, формасын, көлемін әр түрлі елестеуге болады.

Есту

Көбінесе естілетін дыбыс құрамымен, дауыс өзгешелігімен, олардың құбылуымен астарласып жатады.

Қимыл
-
қозғал
ыс

Бұл елес арқылы адам барлық денесінің, не болмаса дене мүшелерінің жеке қимылдарын және әрбір сөзді айтудағы пайда болатын артикуляциялық қимылдарды елестетеді.

Кейбір кездерде елес өте жарқын және көптеген уақытқа дейін өткен қабылдаудағы бейненің ұсақ бөлшектеріне дейін сәйкес келеді. Бұндай ерекшелік елесте эйдетизм деп аталады (грек сөзінен аударғанда "бейне"). Эйдетизм элементі көру, есту, тактильді болып бөлінеді.

Қиял - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективті образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп, бейнелеуден көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.

**«Мықты, кемелденген қиял
ақылдылықтың нышаны»
К.Д.Ушинский**

Қиял түрлері

```
graph TD; A[Қиял түрлері] --- B[Енжар]; A --- C[Белсенді]
```

Енжар

Белсенді

Енжар

Ниеттелген

Ниетсіз

Белсенді

- Жасампаз
- Шығармашыл
- Антицептірлік


Антицентрлік қиял адамның ерекше қаблеттілігінің жемісі: өз әрекетінің нәтижесін алдын ала көре білу.

Осындай қабілетінің арқасында адам өзі немесе айналасындағы адамдар мен қоршаған ортасында не болатындығы жайлы алын ала «көре» алатын болады.

Антицептрлік қиял адамның жас ерекшелігіне байланысты болып келеді: жас адамдар алдын ұзақ бағдарлап қиялдай алады және қиялы күшті және айқын болады.

Егде және қарт адамдарда қиял өткен тәжірибеге тәуелді болып келеді.

Эмпатия- басқа адамды түсіне білу, оның ішкі сезіміне және ойына ене білу, қайғысына, қуанышына ортақтаса білу.



**Назарларыңызға
рахмет!**